

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## Түркістан рухани бірлігіндегі «Шағатай бәсі»

Большевизм толық жеңген уақытта түркі тұлғаларының, соның ішінде қазақ зиялыларының басын көбірек қосқан бірегей шаһар Ташкент еді. Мұның себебі Мұстафа Шоқай мен Тұрар Рысқұлов әр тұрғыдан көтерген тәуелсіздік пен бірлік мұраты-тын. Осы қалада 1918–1922 жылдары өзбек жәдитшілдерінің «Шағатай бәсі» (түпнұсқада «Чигатой гурунги») атты мәдени ұйымы жұмыс істеді. Мағынасы – «Шағатай ұлысы мұрагерлерінің пікірталас, сұхбаттасу, бәс тігу алаңы» (гурунги – парсы сөзі).

Оны ұйымдастырған – әйгілі санаткер, қаламгер, қайраткер Абдурауф Фитрат. Фитраттың өзбек және тәжік халқына сіңірген еңбегін А.Байтұрсынұлының қазаққа сіңірген еңбегімен салыстыруға болады. Ол жаңа өзбек тілін жүйеледі һәм өзбек және тәжік әдебиеті тарихын алғашқылардың бірі болып жазды. «Шағатай бәсіне» дейінгі Фитраттың дүниетаным баспалдақтарын қалыптастырған орындар – Бұхарадағы Мір-Араб медресесі мен Ыстанбұл университеті. Фитрат 1909–1913 жылдар аралығында Түркияда оқиды. Бұл ол елдегі «Жас түріктер» қозғалысының мерейі үстем шағы болатын.

Абдурауф Фитрат 1913 жылы Бұхараға қайта оралды. Елін ағарту ісіне бірыңғай жұмылды. Бірнеше еңбек жазды. 1917 жылы Бакудегі ағайынды Орудж баспаханасынан «Оқу» атты оқулық шығарды.

Қоқанда Түркістан автономиясы жарияланғанда жазған оның мына сөзі аса тағылымды: «Елу жылдан бері езілдік, тақыр болдық. Қолымыз былғанды, тіліміз кесілді. Ағзамыз бұзылды. Намысымыз қорланды. Адамшылығымыз аяқ астында қалды. Төздік, сабыр еттік. Күш ұлғайғанда, әр бұйрыққа мойынсындық. Бүтін бірлігімізді қолдан бердік. Жалғыз пікірді бермедік, жасырдық, иманымызға орап сақтадық. Ол – Түркістан тәуелсіздігі еді» (Фитрат А. Чин севиш. – Тошкент: Ғ.Ғулом номидаги Адабиет ва санъат нашриети, 1996. – 256 б.).

Ресейдегі түркі халықтары өміріндегі аса ауыр 1918 жылы жазған «Әмір-Темір қабірі» атты пьесасында А.Фитрат кейіпкері: «Уа, алдияр! Езілген, жаншылған, тоналған түркі халқының бір ұлы саған медет сұрап келіп тұр! Саған бағы ойрандалған, гүлі тапталған, бұлбұлының үні өшкен Тұран шырақшысы көмек сұрап келіп тұр! Тұранның қапқаздық өкілі жанып кетті, әзербайжаны жойылды, түрікмені алданды, татары тоналды, өзбегі жаншылды, қазағы аштан өлді! Естимісің, алдияр!» , дейді баба аруағына тағзым етіп (Фитрат А. Танланган асарлар. 1-жилд. Шеърлар, насрий асарлар ва драмалар. Тошкент: Маънавият нашриети, 2002. – 320 б.).

Міне, жоғарыда біз үзінді келтірген сөздеріне және басқа да поэзиялық, прозалық, драматургиялық, танымдық шығармаларына қарап, Абдурауф Фитраттың «Шағатай бәсі» ұйымына қандай әзірлікпен келгенін байыптауға болады. Аталған ұйым қызметін зерделеуде біз мына проблемаларды қарастыруды жөн көреміз: 1. «Шағатай бәсі» неге

Ташкентте құрылды? Оның бағыт-бағдары қандай еді?; 2. «Шағатай бәсі» мен жалпы түркі, соның ішінде қазақ руханиятының нендей қарым-қатынасы бар?

Алғаш «Шағатай» атауына келейік. Ол – Шыңғысханның екінші ұлының аты. Ал Фитрат қолданылымындағы «шағатай» – мәдени-рухани бірлік (тип) атауы. Қарапайым тілмен айтсақ, ол – Шағатай ұлысының (Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан) мәдениет (тіл, әдебиет, т.б.) атауы. Түркітанушы-лингвист А.Аманжолов бұл термин хақында: «Түркітану әдебиеттерінде «шағатай тілі» (немесе сыңаржақ ұсынылған «ескі өзбек тілі») деген термин Ақсақ Темір мирасқорлары заманында өз дамуының классикалық түріне жеткен XIV-XVI ғасырдағы ортаазиялық әдеби «түркі» тілін көрсетеді. «Шағатай» тілінің XI-XIII ғасырдағы шығыс түркістандық түркі әдеби тілімен және XIII-XIV ғасырдағы алтынордалық түркі әдеби тілімен бір ізден таймай жалғасуында ешқандай дау жоқ. ...Орта түркі («шағатай») тілінде жазылған ортаазиялық жазба әдеби шығармалардың дәстүрлері XVIII-XIX ғасырда түркітілдес өзбек, ұйғыр, түрікмен, қазақ пен қарақалпақ халықтарының жазба әдеби тілінің қалыптасуына мейлінше зор әсерін тигізеді», деп жазады (Аманжолов А. Орта Азия түркі әдеби тілі // Кітапта: Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы. ІДК–ТИРО редакциялық-баспа орталығы, 1998. – 303-304 б).

Ғалымның «шағатай тілі» – «ескі өзбек тілі» емес, орта тіл дегенінде мән бар. Мысалы, 1992 жылы Өзбекстанда шыққан «Саводхонлар лұғати» (орысша: «Старо узбекский толковый словарь») еңбегін алып қарайық (Саводханлар лұғати. Тузувчи: М.Рустамий, С.Хасан. – Тошкент: Езувчи, 1992. 112 б.). Сөздікке енген шағатай тілі сөздерінің көбі дерлік бүгінгі қазақ әдеби тілінің актив қолданысында жүр деуге негіз бар.

«Шағатай бәсі» – пікірталасты көздеген, ақыл-ойдың қайнауын тілеген ұйым. Мұнда бәс шындық пен ақиқатқа тігілсе керек. Жеңген жан ғылым мен ағарудың абыройына бөленеді, көзі ашылған елдің есінде қалады. Абдурауф Фитрат пайымы осыған саяды деп есептейміз.

Тарихқа жүгінсек, Түркістан автономиясы 1917 жылы 27 қарашада Қоқан қаласында жарияланды (құрылды) да, 1918 жылы 11 ақпанда ол большевиктер тарапынан құлатылды (қуғындалды). Автономия өмірге келгенде, Абдурауф Фитрат:

Сен үшін қайта тудым, өмір сүрем,

Сен үшін құрбанмын, қасиетті Түркі ошағы! – деп жазды. Бұл автономияны құру ісіне қазақтан Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбайұлы, т.б. қатынасқаны мәлім. Большевиктер демократиялық жағдайда құрылған Түркістан автономиясын (кейін кеңес қолданылымында әдейі шатастырылып «Қоқан автономиясы» делінген) аяусыз құлатып, оны қолдаған елді қырып-жойғаннан соң, 1918 жылы 22 көкекте (Ленин туған күніне дөп келген) тездетіп РСФСР құрамындағы Түркістан автономиялы советтік социалистік республикасын құрды. Демократиялық автономияның күштеп құлатылғанын өз көзімен көріп, қабырғасы қайысқан Хайретдин

Болғанбай большевиктерді «тұла бойлары қан сасиды» деп сипаттайды. Оның осы оқиғаға қатысты мақаласы көркем шығармаға бергісіз. Қаламгер: «Ол күндері адам-хайуан өзінің бет-аузын Түркістан халқына ашық көрсетті. Ол күндер – Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер. ...Тозаңдай кінәсі жоқ есепсіз мұсылман халқының қаны судай шашылып, жаңа ғана қылтиып өсіп келе жатқан бостандық гүлінің адам пішінді жыртқыштар табанында тапталған күндер – ол күндер. ...Япырмай, осы сықылды үлкен масқара, зор сұмдық күндерін де Түркістан халқы бір уақыт ұмыта ма екен? Жоқ, мың қабат жоқ! Неше бүгін сүйегіне құлдық сіңіп, тамырына ірің толса да, бұл күндерді ұмыта қоймас!.. Тым болмаса, неше мыңдаған сәбидің кінәсіз қанын судай шашқан бұл сұмдықты не деп айтуға сөз таба алмаймын. Мен түгіл, бұл масқаралықты жазбақшы болған тарихшылар оған ұнамды ат қоя алмас», дейді (Болғанбайұлы Х. Тұла бойлары қан сасиды // «Бірлік туы» газеті, 15.03.1918).

Сөйтіп, большевиктік қалыптағы автономия құрылды. Оған жергілікті ұлт азаматтары тартылды. Бірақ тарих сабағынан хабардар ұлт қайраткерлері қуыршақ болғысы келмеді. Әрине, олар ресми «большевик» те, «басмашылармен күресуші» де, «коммунист» те болды, бірақ жаны ел деп ауырды, жүрегі Түркістан деп соқты. Бұлар Х.Болғанбай айтқан ақиқатты білмеді емес, білді, сондықтан іштей егілді. Қайғыра жүріп, Түркістанды қиындықтан шығарар амалды там-тұмдап қалыптастырды. Әлихан большевизмге дейін Түркістанға қосылу «мойынға тас байлап, суға секірумен бірдей» десе, енді жастарға «қарақтарым, өздерің біліңдер, әйтеуір Алаш мұраты өлмесін» деп, аманатын жеткізді. 20-жылдары «Қазақстанға қосыла алмаймыз, онда отаршылдардың сарқыты көп» деген түркістандық қазақ қайраткерлеріне Смағұл: «Қазақстанда колонизатор барлығы – қосылмауға дәлел емес, қосылуға дәлел. ...Түркістан азаматтары біздің қотырымыз болса, бізбен бірге жазсын», деп ой салды (Садуақасұлы С. Шарт керек пе? // «Еңбекшіл қазақ» газеті, 04.08.1922). Анығырақ қарасақ, С.Садуақасұлы сөзінде Түркістанға деген сенім бар.

Қиын шақта Фитраттың – Бұқарадан, Міржақып, Мағжан, Халел, Мұхтар, Даниял, Дінше, тағы басқалардың – Қазақстаннан (жеке автономиялық республика), Қошкенің – Омбыдан Ташкентке ат басын бұруының себебі – сол қауіпсіздік мәселесі. Сонан соң – Т.Рысқұлов сынды қайраткерлердің тәуелсіз Түркістан республикасы идеясына сенгендігі. Ендеше, Түркияда шыңдалу мектебінен өткен ғылыми-шығармашылық әлеуеті мол А.Фитрат «Шағатай бәсі» ұйымын Ташкентте ашуы заңды еді.

«Шағатай бәсі» ұйымының тарихи қызметі «пантюркизм» ретінде сыналған 20-жылдардың аяғында Абдурауф Фитрат: «Чигатой гурунги» ұйымы саясатпен шұғылданған жоқ, ол тек тіл, емле, әдебиет мәселелерін қарастырды», деп жазуға мәжбүр болды. Бірақ осы сөзінің өзінде мол мағлұмат бар еді. Біле-білгенге руханиятты жүйелеудің өзі – саясат. Алайда ол – ұлттық мұратты негіздеу саясаты.

Өзбек ғалымы Х.И.Якубов: «Шағатай бәсін» ұйымдастырушылар төңкерістен кейінгі әдебиет негізін шағатайлық, түркішілдік қағидатына сай құрғысы келді. Олар әдебиеттің жаңа мазмұнына, өзбек тілін орыс және интернационалдық сөздермен байыту шарасына қарсы тұрды. Түркі тілдерін жалпы шағатай тілінің диалектісі деп есептеді. Ұйым 1922 жылға дейін өмір сүрді», деп жазады (Узбекская литература XX века. Москва: «Восточная литература», 2010. -225с.).

«Шағатай бәсі» жалғыз А.Фитрат ұйымы емес, сондықтан оның жұмысына Чулпон, Елбек (Машрик Юнусов), Бату (Махмуд Хадиев), Абдолла Авлони, т.б. қатынасты. Түркістандықтардан қазақ Нәзір Төреқұлов та атсалысқан тәрізді. З.У.Тоған «Хатираларында» (естелік): «Нәзір мен Чулпон жас күнінен араласты, өйткені Ферғанада алғаш аталған қаламгердің әкесі губернатор аудармашысы, ал соңғы аталған ақынның әкесі бай саудагер болды, екеуі де түріктің «Тюрк юрду» газетін оқушы еді», дейді.

Фитраттың ой-пайымдары Ғұмар Қараш, Шәкәрім, Міржақып пікірлерімен сәйкес келеді. Мысалы, Абдурауф Түркия сапарынан кейін жазған «Болашақ» атты мақаласында Бұхара мен Мысыр діни оқуларының сапасы мен мәнін талдайды. Әлем (соның ішінде Мысыр да) ізденіп, оқудың оңтайлы тәсілін тапқанда, құжырасында сауат ашу үшін ғана табандай 7 жылын сарп ететін шәкірттерге жаны ашып, озық елдердің білім әдістемесін ұсынады. Сөйтіп, жауапты адамдарды өнерге (Ыбырай Алтынсары айтқан техника-технологияға) бет бұруға шақырады. «Диқаншылықтың да ғылыми негізі болуы керек», дейді. Арбаны темір жолға айырбастауды ойланған жөн деп түйіндейді.

Өзбек зиялылары Алаш қайраткерлерінің «Айқап», «Қазақ» басылымдары секілді 1913-1915 жылдары Самарқандта «Айна» атты журнал шығарды. Реформаторлық, жәдитшілдік баспасөз. Осында Фитраттың «Өмір және өмірдің мұраты» атты мақала жариялап, барға қанағат тұтатындарды, табиғаттың бір бөлшегіне айналып, дамуды қалайтындарды, қоғамдық санамен тұтасатындарды бөліп зерделейді.

Әдебиет тарихына келсек, «шағатай әдебиетін» үшке бөліп қарастырады: дастан әдебиеті, ясауилік әдебиет, сарай әдебиеті. Әмір-Темірдің «Тузуки Темур» («Темір түзіктері») мұрасын, Әлішер Науаи мен Құсайын Байқараның түркілік тиянақтарын жүйелі талдайды.

Жалпы, А.Фитрат құрған «Шағатай бәсі» ұйымының түркі халықтарының рухани өміріне қандай әсері болды деген сұраққа былайша жауап қайырамыз:

Біріншіден, Фитрат ойлары – өзбек жәдитшілдігі мен Түркия реформасының өзбек-түрік-тәжік (парсы) мәдени-рухани контексіндегі синтезі. Сондықтан мұны ізденістің бір жолы деп қарастырамыз. Ол ізденісті түрік зиялылары Түркістан басылымдарынан оқып білді.

Екіншіден, Фитрат көркем әдебиетте түркі халқы қаламгерлерінің ішінде алғашқылардың қатарында туған елінің шындығын, қасіретін, өзге елдің жағдайын суреттей отырып немесе жат жұрттық көзімен

қарап бейнелеу соқпағын бастады. Бұған – «Чин севиш» (Шын сүю), «Хинд ихтилолчилари» (Үнді келіспеушіліктері), т.б. шығармалары куә. Осы туындылардың мәтін астарынан автордың әлем отаршылдығын параллель жүргізіп зерделегені аңғарылады.

Сонымен XX ғасырдың басындағы жалпы түркі мәдени-әдеби серпілісі аясында «Шағатай бәсі» ұйымы Түркістан рухани бірлігіне тілектестікті, жалпыадамзатқа ортақ ізденіс пен өрісті аңғартады.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ